

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ



3

ПРОРВА КЕН АЛАҒЫНДАҒЫ
ЖАҚСЫ ЖҰМЫСТАР



4-5

ҚҰРБАН АЙТ - ҰЛЫҚ МЕЙРАМ



6



Embi ТЫНЫСЫ


«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№9 (73)
ШІАДЕ
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Баршаларыңызды мемлекеттік мереке-Елорда күнімен құттықтаймыз! Қысқа мерзім ішінде салынып, тұтас елдің дамуына даңғыл жол ашқан елордамыз бүгінде ұлттық тарихымыздың айбары мен мақтанышына айналып отыр. Нұр-Сұлтан қаласы - халықаралық саяси мәселелер мен экономикаға қатысты өзекті жәйттарға үн қосумен де әлемге кең танылған мәртебелі қала.

Әр елдің келешегін айқындайтын тарихи кезеңдері болады. Біз үшін сондай кезеңдердің бірі – астанамыздың Сарыарқа төсіне ауысқан тұсы.

Қазіргі таңда, Нұр-Сұлтан – Тәуелсіз Қазақстанның символы! Елордамыздың көркеюінде әрбір қазақстандықтың үлесі бар десек, атыраулықтардың, соның ішінде ембілік мұнайшылардың да қолтаңбасы қомақты. Біздің табысты еңбегіміз еліміздің көркеюіне, қарқынды дамуына қосқан үлесіміз. Бүгінгі елордамыз тәуелсіздігіміздің бойтұмары, біртұтас еліміздің ертеңге деген үкілі үміті мен сенімінің көрінісі, арманы мен тілегінің кепілі.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Көк байрағымыз мәңгілік көкте желбіресін, татулық пен бірлігіміз жарассын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН МҰНАЙДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Елімізде өндірілетін мұнай мен газ конденсатының 60%-нан астамы цифрлық мониторингке кіреді.

Бүгінде жоба пилоттық режимде іске қосылды. Оған жеті мұнай өндіруші ұйым, төрт мұнай тасымалдаушы ұйым және үш мұнай өңдеу зауыты қосылған. - Ағымдағы жылы мұнай және газ конденсатын есепке алу ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарланған, - деді Қазақстан Республикасы Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев халық алдында есеп беру кездесуінде.

Ақпараттық жүйеге Қазақстандағы мұнай мен газ конденсатын жалпы өндіру мен өңдеудің 60%-нан астамын жүзеге асыратын компаниялар қосылады.

Республикада 2020 жылы 85,7 млн тонна мұнай өндірілді. 2021 жылға жоспар - 85,3 млн тонна.

2020 жылы мұнай өңдеу 15,8 млн тоннаны құрады (2021 жылға жоспар - 17 млн тонна).

Өткен жылы мұнай өнімдерін өндіру - 11,5 млн тонна. 2021 жылы Қазақстанда 12,4 млн тонна мұнай өнімдерін шығару жоспарланып отыр.

ҚР Энергетика министрінің
баспасөз қызметі



Қазақстанда 2024 жылға қарай жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) міндетті шығындарын толығымен орталықтандыру жоспарлануда, олар республикалық бюджетке тікелей түсетін болады. Алдын ала есептеулер бойынша, бұл қазақстандық ғылымды жыл сайын қаржыландыруды 25%-ға арттыруға мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР ЭМ баспасөз қызметі.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске сәйкес Қазақстандағы жер қойнауын пайдаланушылар өндіруге жұмсалған өз шығындарының 1%-н ҒЗТҚЖ-ға бөлуге міндетті. Бүгінде компаниялар қаржыландыру үшін аккредиттелген ғылыми

ұңғыманы игеруді басқару, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау, кен орындарын цифрландыру саласындағы 74 басым салалық бағыт бойынша ғылыми зерттеулерді қаржыландырды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін Үкімет өндіруші компаниялардың ғылыми-

түзетулер енгізу жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта Үкіметте «Атамекен» ҰҚП-ның қатысуымен тиісті ведомствоаралық комиссия құрылды.

Жол картасының жобасына сәйкес жеке бюджеттік бағдарлама құрумен республикалық бюджет арқылы жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ-ға аударымда-

ЕЛІМІЗДЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ЕСЕБІНЕН ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АРТАДЫ



институттарды немесе дербес білім беру ұйымдарын өз бетінше таңдай алады.

Сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушылар ҒЗТҚЖ қаражатын TechGarden АКФ-қа (ЦДИАӨМ құрылымы) аударуға, сондай-ақ

бұл ақшаны цифрландыруды дамытуға жіберуге құқылы. Осылайша, мысалы, олар геологиялық-физикалық зерттеу әдістері, кәсіптік жабдықтар, флюидтердің динамикасы мен дайындығын реттеу, кен орны мен

инновациялық қызметті дамытуға арналған міндетті шығыстарын орталықтандыруды жоспарлап отыр. «Ғылым туралы» Заңға, сондай-ақ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске және т.б.

рын орталықтандыруға кезең-кезеңмен көшу көзделеді (2022 жылы - 50%, 2023 жылы - 75%, 2024 жылы - 100%). Осылайша, мемлекет алынған қаржыландыруды Қазақстандағы ғылыми қызметке өзі бөлетін болады.

Өндіруші компаниялардың қаражатына үміткер жобалар мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтеді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекітетін жалпыұлттық ғылыми басымдықтарға сәйкес келетін бағыттар қолдау табатын болады.

Жаңа тетікті енгізу ғылымды жыл сайынғы қаржыландыруды 25%-ға ұлғайтуға, жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми қызметті дамытуға аударымдарының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді, ҒЗТҚЖ жобаларын мемлекеттік есепке қояды және олардың тұрақты мониторингін қамтамасыз етеді деп болжануда. Нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатына ұжымдық пайдаланудағы 15 ғылыми зертхана және отандық жоғары оқу орындарының базасында 10 ғылыми-зерттеу орталығын құру жоспарлануда.

ҚР Энергетика министрінің
баспасөз қызметі

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ӘРБІР 5-ШІ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЕКПЕ АЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының 13 мыңнан астам қызметкері немесе жалпы персонал санының 20%-ы COVID-19 індетіне қарсы вакцина алды. Соның ішінде 6 мыңға жуық қызметкері немесе жалпы санының 9%-ы вакцинаның толық курсын (екі компонентін) алып үлгерді.

Компанияда екі компоненттің әрқайсысын алған кезде ақылы екі демалыс күні (жұмыс күндеріне сәйкес келсе) берілетінін атап өткен жөн. Бұдан бөлек, вакцинаның екі компонентін салдырған қызметкерлер ПТР-тестін тапсырмай, кен орындарына кедергісіз кіре береді.

ҚМГ кәсіпорындарында вакцина алу үшін барлық жағдай жасалған: вакциналау орындары орталық кеңселерде, кен орындарындағы арнайы жерлерде және тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық орталықтарда ұйымдастырылған. Мұнайшылар өз қалауымен отандық QazVac, қытайдың Huat-Vax немесе ресейлік Sputnik-V екпесін таңдай алады.



КІРІСПЕ

Статистика деректері бойынша соңғы жылдың жаздың ішінде 239 адам суға батып қаза тапқан, олардың 75 балалар.

Балалардың қаза болуының негізгі себептері – судағы қауіпсіздік қағидаларын сақтау туралы түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіз болуы, балаларды қараусыз қалдыру.

Жақсы жүзе білу – суда қауіпсіз демалудың бірден бір маңызды кепілі.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Дегенмен, жақсы жүзгіштің өзі де:

- үнемі сақ болуы және тәртіп сақтауы;
- суда болу қағидаларын қатаң сақтауы тиіс.



СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫ

Жорықта суға түсетін жерді таңдаған кезде:

- суы таза, табаны тегіс құм немесе қиыршық тас;
- терең емес (2 метрге дейін);
- қатты ағыны жоқ жерді таңдау қажет.

Суға түсу үшін:

- күн ашық, желсіз;
- су температурасы 17-19°C,
- ауа температурасы - 20-25°C төмен болмауы тиіс.

Суда 10-15 минут болған дұрыс.

Жүзу алдында денені алдын ала сулау қажет.



СУДАҒЫ НЕГІЗГІ ТЫЙЫМДАР

- Тыйым салынған жерде суға түспеңіз;
- Құтқару құралдарсыз жүзуге шықпаңыз;
- Шектеу белгілерінен асып жүзбеңіз;
- Суға түсіп жатқан балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Мас күйде суға түспеңіз;
- Өтіп бара жатқан кемелерге жақындамаңыз;
- Көпір, дамба, айлақтар мен қайықтардан секірмеңіз;
- Бейтаныс жерде суға сүңгімеңіз;
- Суда қауіпті ойын құрмаңыз.



ВАКЦИНА

ЕКПЕ АЛУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жұмысшылары үшін басқарманың бас кеңсесі жанында короновирус дертіне қарсы екпе алу орталығы ашылды.



Екпе алу – короновирустан сақтанудың бірден-бір жолы екенін жақсы түсінеміз. Бізге ыңғайлы болу үшін компания барлық жағдайды жасап жатыр. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кеңсесі жанында ұйымдастырылған екпе алу орталығына Терең-Өзек кен алаңының 5 жұмысшысы келіп, екпе алдық. Өзімнің денсаулығым және туыстарым, жақындарым мен ұжымымның

алдындағы жауапкершілігімді жақсы түсінемін. Сол үшін де ерікті түрде вакцина алдым,- дейді Айбек Сарқұлов, «Терең-Өзек» кен алаңының зерттеу операторы.

Айта кету керек, ембіліктер үшін Атырау қаласы Ш.Уәлиханов көшесіндегі 6-үй мекенжайында, сонымен қатар, Құлсары қаласындағы «Мұнайшылар» саябағының ғимаратында («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кеңсесінің аумағында) екпе алу орталықтары ашылып, таңертеңгі 9-дан кешкі 18.00-ге дейін үздіксіз жұмыс істеуде. Мұнайшылардың екпе алуына жағдай жасау мақсатында Компанияға қарасты өзге басқармаларында да арнайы орындар ұйымдастыру қолға алынуда.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС САНИТАРЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ ЖАҢА ҚАУЛЫСЫ

2021 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігері жаңа қаулыны жариялады. Қаулыда айтылғандар (қысқаша шолу).

COVID-19-ға қарсы вакцинация алмаған жұмыскерлер үшін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) көзбе-көз режимде жұмысқа жіберу шектелсін.

Коронавирус дертіне қарсы екпе алмағандар міндетті түрде (жеті күнде бір рет) ПТР тестін тапсырады.

Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, ұлттық компаниялар, меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың басшылары, жеке және заңды тұлғалар сақтау керек:

- 2021 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) вакцинаньң бірінші компонентімен, ал 2021 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде COVID-19-ға вакцинаньң екінші компонентімен профилактикалық егулер жүргізуді ұйымдастыруды;

- COVID-19 жаңа коронавирустық инфекциясының профилактикасы мәселелері бойынша жұмысшылар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтуді;

- Коронавирусқа қарсы вакцинацияланбаған адамдар үшін (қарсы көрсетілімдері бар және

соңғы үш ай ішінде COVID-19-н ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) күндізгі режимде жұмысқа жіберуді шектеуді.

Қаулы 2021 жылғы 2 шілдеде сағат 00-ден бастап күшіне енеді.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.Айларбаевтың 2021 жылғы 14-маусым күні бекіткен «COVID-19 індетінің алдын алу және жұмыскерлерді қашықтықтан жұмыс режимінен шығару туралы іс-шаралар» құжатына орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да төмендегідей шаралар жоспарлануда:

- 2021 жылғы 19 - шілдеден бастап қашықтықтан жұмыс істеу тоқтатылады;
- Вакцинаньң әрбір компонентін алған жұмыскерлерге вакцина алған күні мен одан кейінгі екі ақылы демалыс күні беріледі.
- Вакцинациялан өтпеген жұмыскерлер айлық жалақысының 50 (елу) пайызы төленетін тоқтата тұру (простой) еңбек режиміне көшіріледі;
- Компания бюджеті есебінен қызметкерлерді ПТР тестінен өткізуді 2021 жылдың қыркүйек айына дейін жүзеге асырады. Қыркүйек айынан бастап әр жұмыскер ПТР тестін өз қаражаты есебінен тапсырады.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ



19-маусым- елімізде медицина саласы қызметкерлерінің күні атап өтілгені белгілі. Осы кәсіби мерекеге орай «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы «Интертич» медициналық сақтандыру компаниясы» мен «Медикер» ЖШС-нің Атырау облыстық филиалының ақ халатты абзал жандарына арнайы құрмет көрсетіп, аталмыш мерекемен құттықтады.

- «Интертич» медициналық сақтандыру компаниясы» мен «Медикер» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің Атырау облыстық филиалының мамандары «Ембімұнайгаз» АҚ-мен бірнеше жыл қатарынан тығыз байланыста еңбек етіп келеді. Ембі өндірісінің кен алаңдарында медициналық пункттер ашылып, мұнайшыларға дер кезінде талапқа сай медициналық қызметтер көрсетілуде.

Биылғы COVID-19 пандемиясына орай туындаған карантиндік оқшаулау кезінде аталмыш медицина орталықтарының мамандары өз жұмыстарында жоғары кәсібилік шеберлікті көрсете білді.

Бүгінгі медицина қызметкерлерінің төл мерекесіне орай барша дәрігерлерді құттықтай отырып, оларға мықты денсаулық, еңбектеріне табыс тілейміз, - деп атап өтті құттықтау рәсімінде ЕМГ жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры Нұрсауле Тәжмағамбетова.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты алты өндірістік құрылымдық бөлімшеде 33 медициналық пункт жұмыс істеуде. Өндірістік құрылымдық бөлімшелер жедел көмек көрсету транспортымен, қажетті дәрі-дәрмекпен толықтай қамтылған.





ПРОРВА КЕН АЛАҢЫНДАҒЫ



1. ЖАҢА СОРАПТЫҚ СТАНСА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру цехінің Прорва мұнай дайындау және айдау цехында 2 жаңа сораптық станса іске қосылды. Өндіріске енген бұл соңғы жүйедегі станса 1970 жылдардан бері қолданыста келе жатқан сораптарды алмастырды. Жаңа сораптық стансада барлық жұмыс толықтай автоматты түрде жүзеге асады. Уақыт үнемделеді, сонымен қатар, қол күшімен атқарылатын жұмыстар жойылды.

- Аталмыш сораптық стансаларды іске қосуға мақсат өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, мұнайшының ауыр еңбегін жеңілдету. Себебі, қолмен атқарылатын жұмыстар азайып отыр, жұмыстар толықтай автоматты жүйе арқылы орындалады, - дейді Прорва мұнай дайындау және айдау цехінің бастығы Ержан Бисекенов.

Өндірістің бұл жаңалығы - Сораптық стансалар әлемдік стандарттарға сәйкес келетін электрлі жүк көтергіш механизмімен, жарықтандыру жүйесімен, газдану мөлшерін бақылайтын және өрт дабылы датчиктерімен қамтылған. Қысым азайып кетсе, ол датчиктер арқылы дереу анықталып, сораптар автоматты түрде жұмысын тоқтатады. Орын алған проблеманы тез арада жөндеуге мүмкіндік бар.

2. ӨНДІРІСКЕ ЖАҢА СТАНОКТАР

Өндірістік қызмет көрсету базасында негізгі атқарылатын жұмыстар қауы табылған өндірістік құрал жабдықтар жөнделіп, дереу өндіріске жіберіледі. Мақсат - өндірістің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету. Аталмыш база механикалық жөндеу шеберханасы, Өндірістік құралдарды жабдықтау мен пайдалану, Нысандарды ағымдағы жөндеу телімі (әктеу, сырлау), Жылу, газ, сумен қамту деген 4 бөлімшеден тұрады десек, әрине, бұлардың ортасынан негізгі назар алғашқы екеуіне түседі. Бұл орайда, өндіріс алаңынан бұзылып келген немесе жөндеуді керек еткен жабдықтарды қайта іске қосуға бар күш жұмылдырылуда.

1997 жылы өндіріске жұмысқа келген темір жонушы Әлібек Жарылғапов алғашында 1967 жылдарда іске қосылған станоктармен жұмыс жасағанын айтады. Ескінің аты ескі, техникалық қауіпсіздік талабын үнемі сақтай беруге мүмкіндік бола бермейтінін жасырмаған темір жонушы Әлібек соңғы жылдарда жұмысшының қауіпсіз ортада еңбек етуіне баса назар аударылып отырғанына қуанышты.

- Қарапайым еңбек адамының өмірі алдыңғы кезекке шығып, содан кейін өндіріс жоспары талап етілгенде өзіне деген қамқорлыққа риза боласың. Үнемі темір-терсекпен жұмыс істейтін темір жонушыларға айтарлықтай жеңілдік деп жаңа станоктардың келіп жатқанын баса айтамын, жаңалыққа қуаныштымыз. 2019 жылы Болгария мен Ресей елдерінің бірлесе жасаған СИ-630 станоктың үш бірдей данасы келіп, өндіріске қосылды. Цехтың жабдықтары кезең-кезеңімен жаңаруда, - деген Әлібек Жарылғаповтың қуанышын оның ағасы, осы цехта 30 жылдай еңбек етіп келе жатқан темір жонушы Нысанбай Жарылғапов та қостап, сол жаңа станоктың біреуі өзіне берілгенімен қуана бөлісті.

Өндірістік қызмет көрсету базасының екінші бөлімшесінде, құрал жабдықтарды дәнекерлеу жұмыстары орындалатын ғимараттың бүгінде күрделі жөндеуді керек ететінін, жөндеу шараларының 2022 жылдың жоспарына еніп отырғанын тілге тиек еткен аталмыш цех бастығының орынбасары Наурыз Асабаев, цехтағы 70 адамның күнделікті жұмысы өндірісті бір минут та тоқтатпау жолына жұмылдырылғанын, ұжым мүшелерінің ортақ мақсат жолында табысты еңбек етіп жатқанына ерекше тоқталып





ЖАҚСЫ ЖҰМЫСТАР

өтті. Табысты еңбек бірлік орнаған жерден бастау алатынын ескерсек, өндірістік қызмет көрсету цехының әр күні жұмысты дұрыс жоспарлаудан басталады.

3. КӨЛІК КЕРУЕНІ ЖАҢА ТРАНСПОРТТАРМЕН ҚАМТЫЛҒАН

Прорва кен алаңындағы арнаулы көлік керуенінде де жақсы жаңалық көп. Бүгінгі таңда гараждың №3 боксы күрделі жөндеуден өтіп, санаулы күндерден соң іске қосылғалы тұр. Есік, терезесі, едені, жылу жүйесі толық жаңартылған гаражда жаздың аптап ыстығы мен қыстың қаһарлы ауа райында еңбек ету өте ыңғайлы. Осы цехта ұзақ жылдардан бері еңбек етіп келе жатқан Мәрзия Сасабаева, Сайран Көрпебаевтар 2019 жылдан бастап транспорттар толығымен жаңартылғанын, бүгінде гаражда ескі транспорттардың барлығы дерлік қолданыстан шыққандығын айтады.

Өндірістің құрметамыры- транспорт жүйесінің талапқа сай болуы десек, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңындағы арнаулы көлік керуенінің техникасы жаңартылған.

4. ӨНДІРІСТЕГІ ЖАҢА ЖОБА

Жалпы, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша бес «Lean Six Sigma» жобасы бастау алды. Олардың 2-уі «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына тиесілі. Соның бірі «Тербелмелі қондырғылардың жұмыс уақытын арттыру» жобасы Прорва кен алаңында пилоттық жүйеде іске қосылды. Жобаның мақсаты Прорва өндірісіндегі С.Нұржанов кен алаңындағы станоктардың тұрысын азайту арқылы өндіріс нысандарының кідіріссіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету.

«Тербелмелі қондырғылардың жұмыс уақытын арттыру» жобасының менеджері Прорва өндірістік басқармасының жетекші механигі Жанболат Есболаев қондырғылардың жоспардан тыс жөндеуге тұрып қалуы өндіріс көрсеткішінің төмендеп кетуіне және қосалқы бөлшектердің жоспардан тыс шығындауына әкеліп соғады дейді.

- 2019 жылы С.Нұржанов кен алаңындағы 16 ұңғыманың тербелмелі қондырғыларына жоспардан тыс жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жасалған графикалық талдауларға сәйкес 16 ұңғыманың барлық қондырғыларының жұмыс жасаған уақыты -70 күнді құрап отыр. Ал, максималды үздіксіз жұмыс жасау уақыты - 90 күн болу керек. Біз сонда ғана табысқа қол жеткіземіз-дейді аталмыш жобаның менеджері Ж.Есболаев.

«Тербелмелі қондырғылардың жұмыс уақытын арттыру» жобасы 5 кезеңнен тұрды.

1-кезең «Анықтау», мұнда қондырғылардың кідіріссіз жұмыс күндері анықталды. «Саптау» және «Талдау» кезеңдерінде мәселенің нақты себептері анықталып, жоспарсыз тұрыстарды азайту мақсатындағы іс-шаралар жасақталды.

4-кезең «Жетілдіруде» өндірістік сынақ жүргізіліп, нәтижесінде қондырғылардың барлық жұмыс күні 70 тәуліктен 84,4 тәулікке көтерген.

Ал, 5-кезең- «Бақылауда» қондырғыларға 3 ай бойы бақылау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде олардың жұмыс жасау мерзімін 90,6 тәулікке жеткізген.

Жоба өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Жобаның аясында қолға алынған барлық шаралар өндіріске тұрақты қолдану үшін өзге кен алаңдарына да ұсынылған.

ТҮЙІН. Кез-келген еңбек ұжымындағы қарапайым жұмысшылардың еңбек жағдайлары жақсарған сайын жұмыс беруші мен жұмысшылар арасында өзара келісім орнығады, қолға алынған әрбір іс оң нәтижесін көрсетеді. Ұжымдағы бірлік осыдан басталса керек-ті, бірлік бар жерде табысты еңбек бар.



Дінімізде бұл мерекенің алар орны айрықша. Өйткені, қасиетті Құрбан айт елдің бірлігін күшейтіп, өзара бауырластықты арттырады. Асыл дінімізде дәріптелген діни дәстүр ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңіп, Ұлы дала төсіндегі ұлық мерекеге айналды.

Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Мұсылман адам қара бастың қамын ғана ойламауы тиіс. Өзім ғана ішсем, жесем, өзім тоқ болсам болды, басқалар не болса ол болсын деген түсінік оған жат.

Ибраһим пайғамбардан бастау алған Құрбан айт ұлы күн болып саналады. Ал кейбір ғұламалар осы дүниедегі ең қайырлы, тіпті Арафа күнінен де артық күн деген. Белгілі күндерді ұлықтау адам баласының тақуалығынан да хабар береді. Осы күндер – Алланың рахымына жақындау үшін тақуалығы мен ықыласты арттыратын мезгіл.

Айт мейрамы негізінен мұсылман қауымы үшін ұлық мереке қуаныш. Пайғамбарымыз Медине қаласына қоныс аударып келгенде, Медине халқы бұрыннан қалған екі күнді таңдап алып тойлайтын болған. Олардың тойлап жүрген мейрамдарының орнына пайғамбарымыз «Шындығында Алла Тағала сендерге ол екі күннің орнына екі жақсы күн берді. Олар Ораза айты мен Құрбан айты» деп ескірген мереке күндерінің орнын ауыстырған. Жалпы мұсылман адам үшін осы дүниеде үш айт бар.

Әрбір аптаның жұмасы – айт, ал, жылына екі рет келетін айттар олар Ораза және Құрбан айт күндері.

ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ УАҚЫТЫ:

Құрбан шалудың уақыты Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Қандай да бір маңызды шариғи себепке байланысты Құрбан айт намазына бара алмай, айт намазын оқымаған кісі намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Айт намаздан бұрын шалынған мал құрбандық



Құрбан айт – ұлық мейрам

болып есептелмейді.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМДЫ МАЛДАР:

Қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты жеті айлық тоқты бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал. Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойылмайды.

Қой немесе ешкіні тек бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал, сиыр немесе түйені, яғни, ірі қараны бір кісінің жалғыз өзі үшін шалуына болады. Сондай-ақ, 7 кісіге арнап, ортақ шалуларына болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен ортақтасуы керек. Бір кісі құрбан үшін, ал, екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлығы үшін құрбан болып есептелмейді.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМАЙТЫН МАЛДАР:

Мынадай кемшілігі бар малдар құрбандыққа жарамсыз болып саналады.

- Бір көзі соқыр;
- сойылатын жерге жете алмайтын дәрежедегі;
- құлағы немесе құйрығы тұмадан жоқ немесе басым бөлігі кесілген;
- тістерінің көбі түсіп қалған;
- бір мүйізі немесе екеуі де түбінен

сынған, т.б.

Құрбандық малында аталмыш кемшіліктердің біреуі сатып алғаннан кейін пайда болса немесе алған малы өліп қалса, қайтадан құрбандыққа жарайтын мал сатып алып шалуы керек. Ал, жағдайы төмен, кедей адам бойында кемшілігі бар малды сатып алып, құрбан ретінде шалуына болады. Өйткені, кедей адамның шалған Құрбандығы – нәпіл Құрбан. Нәпіл ғибадатта кешірім бар.

ҚҰРБАН МАЛЫ ҚАЛАЙ ШАЛЫНАДЫ?

Құрбан ретінде шалынатын малды қинамау үшін, өткір пышақ қолдану керек. Малды сою үшін жерге жатқызғаннан кейін пышақты көз алдында жалақтатып, қайрауға болмайды. Ал, қинамай сою – сүннет.

Сойылатын мал құрбан ниетімен бауыздалу керек.

Малдың жаны шыққаннан кейін барып қана терісі сыпырылады. Жаны шықпай жатып басын кесіп алып тастау немесе терісін сыпыруға болмайды.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНҒАН МАЛДЫҢ ЕТІ МЕН ТЕРІСІ

Бай немесе кедей болсын Құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату керек. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да, сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Бірақ, шалынған малды түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отба-

сына қалдыра алады.

Құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақтарын, басын және сүтін сатуға болмайды. Құрбан малының аталмыш бөлшектері сатылған жағдайда құны әлеуметтік жағдайы төмен садақа ретінде беріледі. Құрбандыққа шалынған малдың терісін қайырымдылық қорларына беруге болады.

КӨЗ ЖҰМҒАН КІСІ ҮШІН ҚҰРБАН ШАЛУҒА БОЛА МА?

Өлген кісі өзінің атына құрбан шалуды тапсырып кетпесе де, сауабын өліге бағыштау ниетімен Құрбан айт күндерінде құрбан шалуға болады.

Бұл күні мұсылмандар қол алысып, төс қағысып, бір-бірін Айт мерекесімен құттықтайды, жақсы тілектерін айтады. Ренжісіп қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен кешірім сұрап жарасады. Ал, әйелдер қауымы үйде қазан асып, дастарқан жайып, айттық шай әзірлейді. Көршілер бір-бірінің үйіне кіріп дәм ауыз тиеді, шаңырақ иесіне аман-саулық тілеп, айтпен құттықтайды.

Сол секілді өзі жақсы көрген бауырын айт күні зиярат етуі мұсылман адамды үлкен сауапқа кенелтеді. Әсіресе, осы мереке күні ата-анаға деген мейірімділік оларға сый-сияпаттар жасау игі амалдар саналады.

Айт мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігі - қуаныш шаттықпен бірге Аллаға деген құлышылықтың қатар жүруінде, суып бара жатқан туыстық қатынастардың қайта жандануы, ашу-ыза кернеген жүректердің жібуі болып табылады.



ОПАСНЫЙ ШТАММ «ДЕЛЬТА» УЖЕ В КАЗАХСТАНЕ

В конце июня в Алматы в 78% проб положительных ПЦР-тестов обнаружили индийский штамм коронавируса "Дельта".

- На сегодня ситуация усугубляется, отмечается рост заболеваемости коронавирусной инфекцией. И нужно признать, что мы стоим на пороге четвертой волны, которая обусловлена дельта штаммом или так называемым, индийским штаммом, — сказал на брифинге 28 июня главный государственный санитарный врач Алматы Жандарбек Бекшин.

Он напомнил, что город только вышел из третьей волны, которая была связана с распространением британского штамма и вошел в «зеленую» зону, но высокая патогенность «дельта-штамма» усугубляет ситуацию. В этой связи в городе приняты новые ограничительные меры, чтобы остановить распространение инфекции.

Новый вид мутации считается, по предварительным данным медиков, наиболее заразным, и быстро распространяется. "Дельта" штамм коронавируса обладает высокой контагиозностью и на 60% заразнее обнаруженных штаммов: в среднем от 1 человека инфицируется 5-6 человек, тогда как от циркулируемых штаммов - 3-4 человека; отличается более коротким инкубационным периодом — продолжительностью до 7 дней.

За два-три месяца его выявили уже в 90 странах

от всех известных на сегодняшний день штаммов, сказал он.

ОБ ОБЯЗАТЕЛЬНОЙ ВАКЦИНАЦИИ

23 июня председатель комитета санитарно-эпидемиологического контроля Айжан Есмагамбетова сообщила, что работников любых коллективов, где больше 20 человек, обяжут вакцинироваться или сдавать ПЦР еженедельно.

- Когда мы говорим об организованных коллективах, мы имеем в виду любой коллектив больше 20 человек. То есть любой коллектив больше 20 человек — на них будет распространяться требование об обязательном проведении вакцинации или о проведении ПЦР-теста каждые семь дней, если нет медицинских противопоказаний, — сказала она.

Есмагамбетова уточнила, что "разрабатывается постановление главного государственного санврача. Как только оно будет подписано, требования вступят в силу".

Межведомственная комиссия, тем временем, рекомендовала главному государственному санитарному врачу ввести требование обязательного ПЦР-тестирования для работников сферы услуг,



мира, включая Россию и Казахстан.

По словам директора НИЦ эпидемиологии и микробиологии имени Гамалеи Александра Гинцбурга, индийский штамм, безусловно, опасен, так как имеет другой характер взаимодействия с клетками человеческого тела.

- Он не разрушает клетки, а распространяется, переходя из одной клетки в другую, образуя многоядерные клетки. Тем самым, когда он уже проник внутрь, он становится очень устойчив к антителам, которые в крови циркулируют. В этом его хитрость, — рассказал Гинцбург.

При этом этот штамм вызывает резкое повышение количества тромбоцитов в крови заболевшего, что может привести к тромбозу и инфаркту.

Также сообщалось, что при индийском штамме инфицированные испытывают сильные боли в суставах и животе, тошноту и рвоту, заболевание может привести к глухоте и микротромбозу нижних конечностей. Инфекционист Абдул Гафур отмечал, что у зараженных часто наблюдается диарея, которая в первую волну эпидемии встречалась гораздо реже.

Главный санитарный врач Алматы Жандарбек Бекшин отмечает, что пациент может не терять обоняние. Его состояние сначала может напоминать обычную простуду. Поэтому при первых признаках простуды нельзя исключать вероятность заражения индийским штаммом, необходимо изолироваться и вызвать врача, поскольку новый штамм быстротечен и опасен.

РАБОТАЕТ ЛИ ВАКЦИНА ПРОТИВ ИНДИЙСКОГО ШТАММА

По мнению ВОЗ, все существующие в настоящее время вакцины способны защитить людей от нового индийского штамма коронавируса "Дельта".

- Что касается эффективности вакцин, мы знаем, что в отношении всех вариантов, вызывающих беспокойство, включая вариант "Дельта", вакцины остаются эффективными против тяжелых форм заболевания и смертности", — сказала глава технической группы подразделения чрезвычайных заболеваний Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) Мария Ван Керкхове.

Однако, по ее словам, необходимо получить обе дозы препарата. С этим мнением солидарен и Гинцбург. Запас антител, который дает вакцинация, например, "Спутником V", достаточно высокий, чтобы защищать

промышленных предприятий и иных организованных коллективов, отказывающихся от вакцинации против КВИ (и не имеющих медицинских противопоказаний к вакцинации).

Заместитель премьер-министра Казахстана Ералы Тугжанов заявил, что в новых правилах об обязательной вакцинации и ПЦР-тестировании для работников сферы услуг и крупных коллективов нет никаких нарушений конституционных прав граждан.

Ералы Тугжанов отметил, в Казахстане обязаны не допустить повторения ситуации, которая происходит в Индии и других странах из-за выявления новых штаммов коронавируса.

- Мы не можем подвергать опасности здоровье наших граждан. Поднималась и тема поддельных паспортов вакцинации: несколько случаев в Алматы, Алматинской области. Сейчас этим занимаются соответствующие правоохранительные органы, будут приняты самые жесточайшие меры в отношении тех, кто будет пытаться подделывать паспорт вакцинации, — отметил заместитель премьера.

Из-за обнаруженных мутаций КВИ в стране накануне МВК рекомендовала главному государственному санитарному врачу РК принять дополнительные меры по карантинному режиму. Среди них:

Ввести ограничения на работу для работников сферы услуг, крупных организованных коллективов (промышленных предприятий) без вакцинации против Covid-19 (за исключением людей, имеющих постоянные медицинские противопоказания, и переболевших).

Ввести требование обязательного ПЦР-тестирования для работников сферы услуг, промышленных предприятий и иных организованных коллективов, отказывающихся от вакцинации против КВИ (не имеющих медицинских противопоказаний).

Ввести требование по необходимости вакцинации всего персонала для включения новых субъектов предпринимательства в проект Ashyq, а также для продолжения работы действующих субъектов по проекту (за исключением лиц, имеющих постоянные медицинские противопоказания и переболевших).

Включить в проект Ashyq торгово-развлекательные центры, торговые дома и непродовольственные рынки.

Материал подготовлен по сообщениям на сайтах: tengrinews.kz, forbes.kz, bbc.ru, liter.kz, informburo.kz, www.gov.kz

№	Наименование организации	Адрес пункта	График работы	Телефон
1	Атырауская городская поликлиника №1	Студенческий проспект 196, 22кабинет	09.00-18.00	8 702 687 34 84 30-18-18
2	Медикер Жайық «QAMQOR QP2» ЖШС филиалы	Проспект Азаттық, 32	09.00-18.00	8 701 309 17 41
3	Атырауская городская поликлиника №3	ул.Баймуханова 39А	09.00-18.00	8 776 070 14 14
4	Атырауская городская поликлиника №4	ул. Хабиева, 1а	09.00-18.00	8 775 353 83 93 24-20-17
5	Атырауская городская поликлиника №5	Ул.Айтеке би, 24	09.00-18.00	8 702 147 72 31 27-01-82 27-20-57
6	Атырауская городская поликлиника №7	ул.Султан Бейбарыс, 35	09.00-18.00	8 702 795 83 83 46-08-47 20-53-46
7	КГП на ПХВ Геологская поликлиника	трасса Атырау-Доссор, Строение 49	09.00-18.00	52-18-05
8	Дамбинская врачебная амбулатория	Дамба, с.Курмангазы ул.Боран Нысанбаев 1Б	09.00-18.00	24-72-14
9	Еркінкалская врачебная амбулатория	с.Еркінкала ул. Кидас Кошербаева, дом 28	09.00-18.00	23-35-72
10	ТОО Салимжан и К	с.Томарлы, ул.Алматы 2А	09.00-18.00	8 778 127 46 97 31-23-60
11	ТОО "Достар Мед Престиж"	ул.Молдығалиева 8А	09.00-18.00	8 701 486 22 85 31-81-03
12	ЦСЗ Амансаулык	Нурсая, ул.Тауыш Жумағалиев 15, ЖК Модерн Сити	09.00-18.00	8 702 317 51 51 50-51-51
13	ТОО "Медикер Жайық"	ул.Севастопольская 10А	09.00-18.00	46-51-83 46-51-84
14	ТОО "АВ Медикал"	ул.Момышулы 21А	09.00-18.00	8 701 670 44 18 30-44-14
15	ТРЦ "Байзар"	ул. Академик Б. Жарбосынов 62	10.00-21.00	8 702 147 72 31 27-01-81 27-20-57
16	Клиника "Интертич"	ул.Валиханова 6	09.00-18.00	8 775 353 83 93 24-20-17
17	Клиника "Дина медикал " рынок Дина	проспект Султана Бейбарыса, 45	09.00-18.00	8 776 070 14 14
18	Жылыойская ЦРБ	г.Кульсары, ул.Караманова,44	09.00-18.00	8(71237) 7-99-97
19	Индерская ЦРБ	Индербор, ул.Ондасынова, 1А	09.00-18.00	8(71234) 7-90-37
20	Исатайская ЦРБ	с.Аккыстау, ул.Елорда, 54	09.00-18.00	8(71231) 2-05-82
21	Курмангазинская ЦРБ	р.Курмангазы, ул.Победа	09.00-18.00	8(71233) 2-08-12 8 778 569 57 66 8 701 259 90 33
22	Кызылгогинская ЦРБ	с.Миялы, ул.Б.Момышулы,1	09.00-18.00	8(71238) 2-20-35
23	Макальская ЦРБ	Макад, 42, уч 27	09.00-18.00	8(71239) 3-01-79
24	Махамбетская ЦРБ	Махамбет, ул.Есмагамбетова,10	09.00-18.00	8(71236) 3-04-32
25	Доссорская СБ	Доссор, ул.Жандауова, 1	09.00-18.00	8 778 248 98 28
26	Сагиз ВА	с.Сагиз, ул.Н.Абдуллина, 39	09.00-18.00	8(71238) 7-90-02
27	ТЦР Тамаша	проспект Сатпаева 37	10.00-21.00	8 702 687 34 84 30-18-18
28	ТЦР Атырау	проспект Сатпаева 17	10.00-21.00	8 775 353 83 93 24-20-17
29	"Family Clinic"	ул. Н.Ондасынова 9	09.00-18.00	35-58-14
30	ТОО "Атырауская железнодорожная больница"	Ул. Баймуханова, 39	09.00-18.00	36-17-53



Шолпан Жұмағалиева, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қабат қысымын сақтау операторы:

Мен - елорданың тұрғынымын



Көпке арман қала атанған – Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны болғанымға қуаныштымын. Осы қаланың ауасын жұтып, жерін басып жүргенімді өзіме бақыт санаймын. Осыдан 10 шақты жыл бұрын маған біреу елордада тұрасың десе, сенер ме едім, сенбес пе едім. Бүгінде ең бақытты мекен мен үшін Нұр-Сұлтан қаласы. Себебі, өзіме жақын санайтын жандарым, анам мен балам осы қалада тұрады. Былайғы жұрт ауа райы қатаң, қысы боранды, үскірік аяз, күзі мен көктемді салқын жел десе де, мен үшін ең тамаша мекен осында.

Елорда – мен үшін тәуелсіз қазақ елінің бар болмысын, рухын бойына жиган егемен шаһар. Алғаш көшіп келгенде туған жерімді есіме алып, бойымды сағыныш сезім баурағанын жасырмаймын. Мен- мұнайлы өңір Байшонастың қызымын. Мектепті Атырау қаласынан бітірдім. Сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтқа оқуға түстім. Жоғары оқу орнын бітірген соң алғашында «Қаражанбасмұнай» мекемесінен еңбек жолымды бастадым. Кейін туған

жерімдегі іргелі кәсіпорын «Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбегімді жалғастырдым.

2015 жылы Елорданың тұрғыны болдым. Мен үшін Нұр-Сұлтан – жас қала, жастардың қаласы, талантты жастарға мол мүмкіндік беретін егемен елдің тәуелсіз қаласы. Еліміздің мерейі, ұлтымыздың келбеті. Архитектурасынан да өзгелерге ұқсамайтын ерекшелігі бар. Менің тереземнен Ақорда, Бәйтерек көрініп тұрады. Әр кез терезеге жақындап, әсем қалаға қараған сайын қызығамын, сүйсінемін.

115 елден өкілдер келген халықаралық шара - ЭКСПО-ның дәл осы қазақ елінің астанасы Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылғанын ерекше атағым келеді. Сол кезеңдерде қаламыз ерекше күйге бөленді. Жаңа ғимараттар, көшелер бой көтерді. Демалатын, отбасы болып тынығатын жерлерінің көптігімен, зәулім-зәулім бизнес орталықтарының көптеп салынуымен де ерекше қала бұл. Бизнес орталықтары салынып, іске қосылған сайын қуанамын. Бұл - менің халқыма, жастарымызға жасалып жатқан мүмкіндік деп қуанамын. Сол бизнес орталықтарында ертең біздің балаларымыз еңбек етеді ғой.

Барша әріптесімді Елорда күнімен құттықтаймын. Астанамызбен бірге менің халқым да өседі, жаңарады, дамиды.



Гүлфайрус Есмұханова, «Жылоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Қаратон мұнай дайындау және айдау цехінің лаборанты:

Әр барған сайын өзгеріске куәмін



Нұр-Сұлтан қаласына әр барған сайын шаһардан өзгерісті, жаңалықты көремін. Біздің Елордамыз күн санап өсіп, көркейіп келе жатыр. Мен бұл қаланы алғаш рет Елорда мәртебесіне ие болғанда көрдім. Содан жыл сайын бір рет барғым келіп тұрады.

Ал, астанада халықаралық шара-ЭКСПО ұйымдастырылғанда біздің компанияның басшылығы мұнайшылардың, соның ішінде қарапайым еңбек адамдарының осы шараға қатысуына мүмкіндік жасады. Арнайы ұшақ ұйымдастырып, бірнеше рейспен барлық басқармаға қарасты цехтардан еңбек адамдарының бас шаһарға барып, үлкен саяси шараға қатысуын өте жақсы деңгейде өткізді. Сол ЭКСПО кезінде өзге мемлекеттерден келген басқа ұлттардың қазақ еліне, қазақтың жаңа қаласына қызыға қарағанын көрдім. Өзге жұрттың өзіміздің қалама қызыға да сүйсіне қарағанын көріп, қуандым әрі мақтандым. Сол жақ жағалау, оң жақ жағалау деп екіге бөліне дамуының өзі бір тамаша. Мәдени ошақтар, білім ордаларының бой түзеп, қаламыздың

көркіне үлес қосқанын көрген сайын риза боласыз. Елорданың дамуы қазақ елінің қарыштап алға ұмтылуымен, өзгеруімен байланысты емес пе! Елорда күні – баршаңызға рух беретін тамаша мейрам. Мерекелеріңізбен, әріптестер! Еліміз жаңарып, көркейіп, болашаққа нық қадам жасай берсін деймін.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimanova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.